

**Түркістан облысы Келес ауданы
№33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебі**

**2021-2022 оқу жылының оқу-тәрбие
бойынша атқарылған жұмыстар есебі**

Қазақстан ауы

№33 « Жуантөбе» жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие ісі бойынша атқарылған жұмыс есебі

2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында №33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінде 1- 11 сыныптар бойынша , 946 оқушы және 46 МАД тәрбиеленушілерімен аралас форматта аяқтап отыр . Мектепте 111мұғалім жұмыс атқарды . Олардың 115-сы жоғары білімді, ал 1-і арнаулы орта білімді. Оқу жылының жоспарлы кестесіне орай мектепте әдістемелік жұмыс жүйесінің мақсат – міндеттері бойынша: Әдістемелік кеңес құрамы мен үш пәндік бірлестік құрылды. Жас мамандар тәжірибелі мұғалімдерге мектеп директордың бұйрығы бойынша бекітіліп берілді. Осы негізде әдістемелік кеңес жоспарына сәйкес жылына 5 рет жоспарға сәйкес әдістемелік кеңес жұмысы жүрді. Пәндік апталықтар мен пәнді жан-жақты тексеру жоспарылы түрде жүргізілді. Олқылықтармен жұмыстар жүргізілді.Нолдік срездер алынып, талданды. Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих пәндерінің бірлестіктері жоғары дәрежеде апталық іс шарасын ұйымдастырды. Материалдық базасы талапқа сай 4 кабинет ақылы негізде жұмыс жасады. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «жас мамандарға» коучинг өткізілді.

«Тәуелсіздік жетістіктері » тақырыбында білім күнінің алғашқы сабағы өткізілді.Аталған тақырып бойынша бірінше сыныптарда сабағын өте жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізген мұғалімдер болды.Сондай-ақ өз білімін жетілдірудің көп жылдық жоспарына сәйкес мұғалімдер курстарға жіберіліп отырды. Мектеп ішлік пәндік олимпиада жұмысы жүйелі жасалынды және мектепте үздік көрсеткіш көрсеткен оқушылар аудандық пәндік олимпиадаға жолдама алды.. Атап айтар болсақ: Қазақ тілі әдебиеті пәнінен 9- сынып оқушысы Тұрлыбай Ұ,орыс тілі пәнінен Уралбай А, ағылшын тілінен Сауырбай А, Аулбекова Р,биология пәнінен Марат Н, Рағат Г, математикадан Нұрқасым Ә,өзін өзі тану пәнінен Алпысбай А, информатика пәнінен Кобей Н, Гаппарова А жоғары нәтиже көрсетіп аудандық олимпиадаға жолдама алды.

12.11.2021 жылы мектеп ішлік олимпиада өткізілді,Ауданнан жіберілген бақылаушының бақылауында болды және зуммен бақыланды.Оқушылардың жұмысы,хаттамасы аудандық білім бөліміне уақытында жеткізілді.Хаттамада көрсетілген баллға қарап оқушыларды аудандық білім бөліміндегі әдіскерлер өздері қатысатын оқушыларды анықтады.Аудандық олимпиаданың өту нәтижесінде 5-сынып оқушысы Д.Жумабекова II дәрежелі дипломмен орыс тілі пәнінен марапатталды.Н.Құрал қазақ тіл пәнінен,А.Бахытбек тарих пәнінен, Н.Дусбекова ағылшын тілінен алғыс хаттармен марапатталды

Мұғалімдердің аудандық пәндік олимпиадасында Эшанкулова З І орын иесі атанып, облыстық олимпиадаға жолдама алды. Альсейтова Г биология пәнінен алғыс хатпен марапатталды. География пәні мұғалімі Н. Сотиболдиев пәндік олимпиададан аудандық кезеңде жүлделі І орын, облыстық кезең ІІ орынға ие болды.

2021-2022 оқу жылында «Мың бала» ұлттық олимпиадасына Республикалық кезеңге 12 оқушы жолдама алып, екі оқушы жеңімпаз болды.

Аудандық білім бөлімінің марапатын бірнеше мұғалімдеріміз иеленді Г. Каражанова, Т. Жумабекова, Г. Малмахова, К. Бигозиева, Н. Курманалиева, Э. Мейрбекова, А. Адеева, М. Акирова ие болды. Онлайн мектеп қосымша ресурс ретінде пайдаланып, тапсырмаларын орындаған оқушылар, аудандық мерекелік іс шарада үздік өнер көрсеткен және апталықтың іс шарасында белсене қатысқан оқушылар мектепшілік дипломдармен марапатталды.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Аймақтық ҰБТ сынымаларында мектептің көрсеткіші орташа 65 балды құрап отыр. Жалпы 11 сыныпты бітіруші 66 оқушының 42 -і ҰБТ сынама қатысуға өтініш білдірген.

Биылғы жылда 11-сыныптан 2 оқушы «Алтын белгі» белгісіне ұсыныс жасалды 9 –сыныптан 6 оқушы «Ерекше куәлікке» ұсынылды.

Алайда биылғы оқу жылында кемшіліктерде болды мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша жоспарда көрсетілген кейбір пәндерден курсқа баралмау жағдайы (ағылшын тілі, физика, математика, бастауыш сыныптар) бойынша орын алды. Сондай –ақ, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жүйесі толық қарастырылмайды ҰБТ-ға балаларын дайындауда кейбір ата-аналардың немқұрайлы қарауы сияқты жайттар орын алды.

Ұсыныс:

1. ҰБТ қатысатын оқушыларға жүйелі қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.
2. Олқылықтармен жұмыс жыл бойы жүргізілсін
3. Интернет желісінің жүйелі жүргізілуіне ықпал жасалса.

ДОІЖО

Ф.Маханбетова

